

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 132 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 8 қыркүйекте № 24273 болып тіркелді

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабы 1-тармағына, "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 Қазақстан Республикасы Құрылымы және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының бүйірігіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7232 болып тіркелген) сәйкес, Қарасу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. "Қарасу ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:
 - 1) осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы қаулы оның ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасу ауданының әкімі

B. Радченко

Қарасу ауданы әкімдігінің

2021 жылғы 2 қыркүйектегі

№ 132 қаулысына

қосымша

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері

1. Қарасу ауданы, Қарасу ауылы, Рамазанов көшесі, 41 үй, айна жалпы алаңының бір шаршы метрі үшін 77 (жетпіс жеті) теңге 30 (отыз) тиын мөлшерінде.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК